# "Шығыс Қазақстан облысының аудандары бойынша өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға берілетін субсидиялардың 2017 жылға арналған көлемдерін белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 26 мамырдағы № 131 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 18 тамыздағы № 210 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 4 қыркүйекте № 5189 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.
Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7-бабы 2-тармағының 18) тармақшасына, 11-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 11094) бұйрығын іске асыру мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шығыс Қазақстан облысының аудандары бойынша өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға берілетін субсидиялардың 2017 жылға арналған көлемдерін белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 26 мамырдағы № 131 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде тіркелген нөмірі 5073, 2017 жылғы 21 маусымдағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2017 жылғы 1 шілдедегі № 75 (17470) "Дидар", 2017 жылғы 1 шілдедегі № 75 (19982) "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облысы*
*әкімінің міндетін атқарушы* *Н. Сақтағанов*

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2017 жылғы "18" тамыздағы
№ 210 қаулысына
қосымша

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2017 жылғы 26 мамырдағы
№ 131 қаулысына
қосымша

## Шығыс Қазақстан облысының аудандары бойынша өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға берілетін субсидиялардың 2017 жылға арналған көлемдері

| р / с № | Аудандар, қалалар атауы | Субсидиялар көлемдері, мың теңге |
|---|---|---|
| 1 | Аягөз ауданы | 18 865,6 |
| 2 | Бесқарағай ауданы | 11 444,0 |
| 3 | Бородулиха ауданы | 43 026,8 |
| 4 | Глубокое ауданы | 19 132,4 |
| 5 | Жарма ауданы | 10 058,0 |
| 6 | Зайсан ауданы | 6 887,9 |
| 7 | Зырян ауданы | 8 424,0 |
| 8 | Катонқарағай ауданы | 11 081,0 |
| 9 | Көкпекті ауданы | 95 268,0 |
| 10 | Күршім ауданы | 7 792,0 |
| 11 | Тарбағатай ауданы | 11 749,7 |
| 12 | Үржар ауданы | 25 383,2 |
| 13 | Ұлан ауданы | 43 048,0 |
| 14 | Шемонаиха ауданы | 38 424,5 |
| 15 | Өскемен қаласы | 20 433,8 |
| 16 | Семей қаласы | 8 286,0 |
| 17 | Риддер қаласы | 695,1 |
| Жиыны: | | 380 000,0 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК